

«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Тәрбие жұмыс және әлеуметтік
даму жөніндегі проректоры

Ж.Е. Ішпекбаев

2018 ж.



«Мейірім» клубының ЕРЕЖЕСІ

«Мейірім» қайырымдылық клубы 2010 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Психология және педагогика» факультетінің, мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасында «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандарының болашақ кәсіби іс-әрекет саласы бойынша, халықтың әлеуметтік қорғау жүйесіне негізделген студенттердің ерікті бастамасымен құрылды.

Клуб мақсаты – халықтың әлеуметтік қорғансыз бөлігіне, гуманитарлық қолдау көрсету барысында студенттердің саяси-әлеуметтік мәдениетін және ерікті азаматтық белсенді ұстанымын қалыптастыру.

Клуб міндеттері:

- «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы бойынша: мүгедек балаларға, олардың ата-аналарына және мүгедектерді қолдау қорларының қайырымдылық шараларын жүзеге асыруға көмектесу;
- «Менің отбасым» қайырымдылық акциясы бойынша: әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларына, оралман отбасыларына гуманитарлық қолдау көрсету;
- «Біздің балалар» қайырымдылық акциясы бойынша: жетім балаларға, ата-ана қарауынсыз қалған балаларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;
- «Қарттарға құрмет» қайырымдылық акциясы бойынша: ардагер қарт адамдарға және жалғыз басты қарттарға гуманитарлық-әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Әлеуметтік жауапкершілік еріктілер қозғалысы дәстүрлерін қолдау, дамыту және жалғастыру бойынша әлеуметтің маңызы бар қайырымдылық шараларға қатысу;
- «Балаларды қорғау күні» Халықаралық мерекесіне орай балалар үйінде, мүмкіндігі шектеулі балаларды сауықтыру орталығында қайырымдылық акциялар ұйымдастыру;
- Демеушілерді тарту және олардың әлеуметтік маңызды идеяларын, қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруда еріктілер ретінде көмектесу;

- Мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелерінде, қоғамдық ортада, балаларды толыққанды әлеуметтендіру жұмыстарының жаңа формаларын ұйымдастыру;

- Халықаралық және аймақтық байланысты құру арқылы басқа да қоғамдық (еріктілер) ұйымдарымен бірігіп әлеуметтік маңызды қызметтерді ұйымдастыру.

Кәсіби іс-әрекеттің бағыттары:

- **Рухани-адамгершілік** - жеке адам ретінде физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік және шығармашылық тұрғыда үйлесімді дамуына мүмкіндік беретін, балалар мен жеткіншектердің өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу және әлеуметтену азаматтық ұстанымын қалыптастыруға жағдайлар жасау;

- **Әлеуметтік-педагогикалық** - жергілікті халықтың әлеуметтік қорғансыз бөлігіне: мүмкіндігі шектеулі адамдарға, оралман отбасыларына, әлеуметтік жайсыз отбасыларына гуманитарлық-әлеуметтік қолдау көрсету; олардың толыққанды өмір сүруіне арналған жағымды жағдайлар құруға көмектесу;

- **Ғылыми-зерттеу** - өскелең ұрпақтың өзін-өзі тануына, өзін-өзі іске асыруына көмектесу, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет нәтижелерінің диагностикасы, түземесі, болжамы; әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімінің көмегіне зәру балаларды, жеткіншектер мен жастарды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және олардың дамуын түзеу процесінің ерекшеліктерін зерттеу;

- **Идеологиялық** - қоғамдық ортада балаларды әлеуметтендіру және азаматтық-құқықтық сауаттылығын бекіту, түрлі патриоттық-азаматтық бағыттағы акцияларға және шараларға қатысу;

- **Мәдени-ағартушылық** - кино, театр, көркемдік-бейнелеу өнері, музыка саласындағы балалардың, жеткіншектер мен жастардың мәдени уақытын өткізу жұмыстарын ұйымдастыру; мәдениет саласындағы ағарту жұмыстарының бағдарламасын жасау; мәдени-бос уақытын өткізу орталықтарын ұйымдастыру;

- **Экологиялық** - мемлекеттік және мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдарымен бірігіп, табиғат амандығын сақтау, республика деңгейінде азаматтардың экологиялық білімін жетілдіруге негізделген жұмыс тәжірибесін тарату акцияларын ұйымдастыру;

- **Жарнамалық-насихаттаушылық** - еріктілер қозғалысының әлеуметтік маңызды идеяларын қолдау, дамыту, әлеуметтік жарнамаларын ұйымдастыру, қоғамға қызмет ету әлеуметтік жауапкершілігін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау;

- **Аниматорлық** - балалар үйі, сауықтыру-бейімдеу орталықтары мен демалыс лагерьлерінде балалардың мәдени-бос уақытын ұйымдастыру және шығармашылық әлеуетін қолдау.

Кәсіби іс-әрекеттің атқаратын қызметтері:

- ұйымдастырушылық;
- профилактикалық;
- әлеуметтік-терапевттік;

Клуб жетекшісінің міндеттері:

- Клуб мүшелерінің міндетін анықтау;
- Клуб мүшелерінің сұрақтары бойынша жиналыстар, семинарлар ұйымдастыру;
- Факультеттің жиналысында талқылауға сұрақтар енгізу;
- Клубтың кезекті және кезектен тыс жиналыстарын шақыру, күн тәртібіне мәселе қою;
- Үйлестіру кеңесінің шешімдерін басшылыққа алып, соны орындау бағытында жұмыс жасау;
- Клубтың болашақтағы және кезекті міндеттерін айқындау;
- Жұмыс істеу жоспарын жасап, оның орындалуын қадағалау;
- Қоғам мүшелерінің міндеттерін, олардың өкілдігін, жауапкершілігін анықтау;
- Жарғыны бұзғаны, Клубтың атына кір келтіретін әрекеттерге жол бергені немесе оған зиян келтіргені үшін Клуб мүшесіне ескерту жасау;
- Қойылған міндеттердің уақытында орындалуын қадағалау.

Клуб мүшесінің міндеттері:

- Клубтың мақсат-мұраттарының жүзеге асуына белсенді түрде ат салысуға;
- Жарғы талаптары мен Клубтың барлық деңгейдегі басқару органдары қабылдаған шешімдерді орындауға;
- Клубтың жиналыстарына, Клуб ұйымдастырған іс-шараларға қатысып отыруға;
- Клуб намысын қорғауға және оның лайықты өкілі болуға;
- өзінің іс-әрекеттерімен Клубтың беделін нығайтуға үлес қосу;

Клуб қызметін тоқтату

5.1 Клубтың қызметі заңды негізде тоқтатылуы мүмкін. Клубты ерікті түрде қайта құру, клуб кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.